

Нұрбұлақ орта мектебінің Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы

Нұрбұлақ ауылы

№2

31.10.2023

Қатысқандар: 8

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесін қайта құрып, құрамын таныстыру, төрағасын сайлау.
2. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің міндеттерімен таныстыру және жұмыс жоспарын бекіту.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша алғашқы сөз алған мектеп директоры Ж.Бисенбин Қамқоршылық кеңесі отырысының күн тәртібімен таныстырып, қамқоршылық кеңестің құрамына қайта құрып, төрағасын сайлау керектігін айтты.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ-нің 2023 жылғы 30 қазандағы № 01-03-189 н/қ бұйрығына сәйкес «Нұрбұлақ орта мектебі» КММ Қамқоршылық кеңесі құрамына төмендегі тұлғалар ұсынылды:

1. Теңізбай Сансызбай Теңізбайұлы – Кеңес төрағасы, ата-ана
2. Мамытова Анар Дербисалақызы – Кеңес мүшесі, Нұрбұлақ ауылы медициналық пунктінің медбикесі
3. Букетова Клара Жубандыковна – Кеңес мүшесі, ата-ана
4. Айниязова Нургуль Темирхановна - Кеңес мүшесі, «Береке» дүкенінің қожайыны, жеке кәсіпкер
5. Жұбанова Ақтоты Ғабитқызы – Кеңес мүшесі, «Қарағаш ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы.
6. Утегенова Кенжегуль Кузержбаевна – Кеңес мүшесі, «Тәтті бала» балабақшасының тәрбиешісі
7. Алғабай Женисбек Нурланұлы – Кеңес мүшесі, Қарағаш ауылдық округі Нұрбұлақ ауылының учаскелік полиция инспекторы

Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің ортақ келісімімен кеңес төрағасы болып Теңізбай Сансызбай сайланды.

Екінші мәселе бойынша жаңадан Кеңес төрағасы болып сайланған С.Теңізбай сөз алып, жалпы кеңестің міндеттеріне тоқталып өтті. Алдағы уақытта бірге жүйелі жұмыс жасап, жақсы нәтижелерге жетуге шақырды.

К.Букетова қамқорлық акцияларын көбірек өткізуді алға тартып, сол мақсатта оқушылардың білім алу үшін жағдайын жақсартуға, осындай мәселелерді жоспарға енгізу және оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсетуге шақырды.

Қаулы:

1. Нұрбұлақ орта мектебінде қайта құрылған қамқоршылық кеңесінің жұмысы жандандырылсын.
2. Кеңестің жұмыс жоспары оқу жылына байланысты құрылсын.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:



С.Теңізбай

Хатшы:

А.Амирова